

**"Астық қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қоры"
" акционерлік қоғамына қатысушы астық қабылдау кәсіпорындарының астық
қолхаттары бойынша міндеттемелерін өтеу ережесін бекіту туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 27 маусымдағы N 624 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 сәуірдегі N
318 Қаулысымен

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.04 N 318
Қаулысымен.*

"Астық туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы
Заңын , Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының
2003-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасы
туралы" 2002 жылғы 5 маусымдағы N 889 Жарлығын , "Қазақстан
Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік аграрлық
азық-түлік бағдарламасын іске асырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан
Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 наурыздағы N 239 қаулысын іске
асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған "Астық қолхаттары бойынша міндеттемелердің
орындалуына кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамына қатысушы астық
қабылдау кәсіпорындарының астық қолхаттары бойынша міндеттемелерін өтеу
ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Ауыл
шаруашылығы министрі А.С. Есімовке жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 2 7 м а у с ы м д а ғ ы

N 6 2 4 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**"Астық қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қоры"
" акционерлік қоғамына қатысушы астық қабылдау кәсіпорындарының астық
қолхаттары бойынша міндеттемелерін өтеу ережесі**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Астық қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамына қатысушы астық қабылдау кәсіпорындарының астық қолхаттары бойынша міндеттемелерін өтеу тәртібін анықтайды.

2. Осы Ережеде мынадай ұғымдар қолданылады:

1) кепілдік жағдайы - уәкілетті органның аумақтық басқармасы растаған Қатысушының астық сақтау қоймаларында (астық қабылдау пункттерінде, элеваторларда) жеткілікті көлемдегі астықтың және (немесе) қажетті сападағы астықтың жоқтығын білдіретін Қатысушының міндеттемелерді орындамау ф а к т і с і ;

2) кепілдік жағдайының туындаған күні - Қатысушының міндеттемелерді орындамау фактісін растайтын құжатты уәкілетті органның аумақтық б а с қ а р м а с ы н ы ң б е р г е н к ү н і ;

3) қатысу шарты - Қор мен астық қабылдау кәсіпорнының арасында жасалатын шарт, оның негізінде соңғысы астық қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру жүйесіне қатысады;

4) квота - қайтару жөніндегі жауапкершілікке Қор кепілдік беретін әрбір Қатысушы бойынша Қор белгілейтін астық лимиті;

5) тараптардың әділетсіз іс-әрекеттері - кепілдік жағдайының туындауына бағытталған не оның туындауына ықпал ететін, оның ішінде ымыраласу шындыққа сай келмейтін ақпараттарды ұсыну арқылы астық қолхаттарын ұстаушылардың және Қатысушылардың қасақана жасаған заңсыз іс-әрекеттері;

6) астық қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру жүйесі - астық қабылдау кәсіпорындарының өздері берген астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындамауынан астық қолхаттарын ұстаушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған ұйымдастыру-құқықтық н о р м а л а р ы н ы ң к е ш е н і ;

7) бағалар кестесі - кепілдік төлемдердің мөлшерін анықтау үшін қажетті және астықтың сапасына сәйкес белгілі бір кезеңге Қор белгілеген астықтың қ ұ н ы к ө р с е т і л г е н қ ұ ж а т ;

8) уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы м и н и с т р л і г і ;

9) Қатысушы - астық сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар, онымен Қор қатысу шартын жасаған және қатысу шарты қолданылатын астық қабылдау кәсіпорны;

10) Қор - коммерциялық емес ұйым болып табылатын "Астық қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамы.

2. Қатысушылардың міндеттемелерін өтеу тәртібі

3. Кепілдік жағдай туындаған кезде Қор астық қолхатын ұстаушыға "Астық туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы Заңында (бұдан әрі - Заң) және осы Ережеде белгіленген тәртіппен, шартпен және мөлшерде Қатысушыда анықталған жетіспейтін астық құнын ақшалай төлейді.

4. Қор кепілдіктерінің қолданылу мерзімі Қор жазу жазған күннен бастап он екі айға (не кепілдікті берген кезде көрсетілген өзге мерзімге) тең уақыт кезеңін құрайды. Қор кепілдігі сол сияқты заңнамада белгіленген тәртіппен астық қолхатын өтеген жағдайда қолданылуын тоқтатады.

5. Қор Қатысушы болып табылмайтын астық қабылдау кәсіпорындарының астық қолхаттары бойынша міндеттемелерін орындауға кепілдік бермейді.

6. Қатысушы астық қабылдау кәсіпорындарының астық қолхаттары бойынша міндеттемелерін өтеуді Қор кепілдік алу мынадай жағдайларды сақтай отырып іске асырылған кезде жүзеге асырылады:

1) Қордың кепілдігін алған кезде Қатысушы берген астық қолхатын ұстаушы Қ о р ғ а :

кепіл және қойма куәліктері бөлінбеген астық қолхатын;
егер осы астық қолхатын ұстаушы Заңға сәйкес астықтың иесі болған жағдайда, астық қабылдау кәсіпорнына астықтың түскені туралы Қатысушының белгісі бар тауар-көліктік жүк құжатының көшірмесін;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті шешімімен бекітілген астықты сақтауға көпшілік шарттың үлгілі нысанына сәйкес келетін сақтау шартының көшірмесін ;

Қатысушының аталған астық қолхатын квотаға енгізуі туралы өтінішпен і л е с п е х а т ы н б е р г е н д е ;

2) Қордың кепілдік беруі:

Қатысушы үшін белгіленген квотаның шегінде;
астық қолхатын заңды ұстаушы болып табылатын тұлғаға;
осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген құжаттарды бере отырып жүзеге асырылғанда.

7. Кепілдік жағдайы туындаған кезде Қор кепілдік берген астық қолхатын ұстаушы ол туындаған күннен бастап 10 күн ішінде кепілдік төлемін алу үшін Қорға жүгінеді.

8. Кепілдік төлемін алу үшін Қорға:

1) кепілдік төлемін алу туралы талапты білдірген өтініш;
2) Қатысушының астық қоймаларында (астық қабылдау пункттерінде, элеваторларда) жеткілікті мөлшердегі астықтың және (немесе) белгіленген сападағы астықтың болмауы туралы уәкілетті мемлекеттік органның (астық инспекторының) құжаты (анықтама, акт);

3) астық қолхатының (кепіл не қойма куәліктерінің) нотариалды расталған көшірмесі; сақтау шартының көшірмесі - егер астық қолхатын немесе қойма куәлігін ұстаушы жүгінсе; заем шарты мен кепіл шарты - пайдасына астық кепілденген тұлға жүгінген жағдайда. Талаптарды қанағаттандыру туралы шешім қабылданған жағдайда жоғарыда көрсетілген құжаттардың түпнұсқалары б е р і л е д і ;

4) егер астық қолхатын ұстаушы жеке тұлға болса - жеке басы куәлігінің (төлқұжатының) көшірмесі, ал егер заңды тұлға болса - өтініш иесінің мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлігінің көшірмесі ұсынылады.

9. Қор астық қолхатын ұстаушының талабын 10 жұмыс күні ішінде қарайды және оны қанағаттандыру туралы не орындаудан бас тарту туралы шешім шығарады. Талаптарды қарауға кепілдік жағдайының туындауына жол берген Қатысушы тартылады.

1 0 . Қ о р :

- 1) кепілдік жағдайы болмаған;
- 2) тараптардың әділетсіз іс-әрекеттері анықталған;
- 3) форс-мажор оқиғасы болған;
- 4) астық қолхатын ұстаушылардың Қатысушыдан берешекті өндіріп алу мақсатымен сотқа (төрелік сотқа) жүгіну фактілері расталған;
- 5) осы Ережеде белгіленген Қорға жүгіну мерзімдері аяқталған;
- 6) астық қолхаты бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру жөніндегі Қор міндеттемелерінің қолданылу мерзімі аяқталған;
- 7) егер талаптарды қарау мерзімінің ішінде Қатысушы астық қолхаты (кепіл немесе қойма куәліктері) бойынша өзінің міндеттемелерін орындаған;
- 8) астық қолхатының екі бөлігінде де лауазымды тұлғаның қолымен және Қордың мөрі басылған, жазудың жазылған күнін көрсетіп, мынадай мазмұндағы: "Астық қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қоры " АҚ кепілдік берді" деген жазу болмаған жағдайларда кепілдік төлемді жүзеге асыру туралы талапты қанағаттандырудан бас тартады.

11. Қор астық қолхатын ұстаушының дәлелді өтініші бойынша Қорға жүгіну мерзімін қалпына келтіруге құқылы.

12. Міндеттемелердің орындалмауына жол берген Қатысушыға уақытша басқаруды енгізу, Қатысушыны қайта құру Қатысушыны астық қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру жүйесінен шығару астық қолхатын ұстаушылардың талаптарын қанағаттандырудан бас тартуға негіз болып табылмайды.

13. Астық қолхатын ұстаушының талаптарын қанағаттандыру туралы шешім қабылданған жағдайда Қор шешім шығарылған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде астық қолхатын ұстаушыға кепілдік төлемін жүргізеді.

14. Астық қолхатын ұстаушыға Қатысушы астық қолхаты (қойма немесе кепіл куәліктері) бойынша бермеген астықтың ғана құны өтеледі.

15. Қор жыл сайын өзінің кепілдіктерінің барлық қолданылу кезеңіне кепілдік төлемдері жүргізілетін астық бағасының кестесін бекітеді. Қор баға кестесіне өзгеріс енгізе алады, бірақ бұрын берілген кепілдіктерге Қор кепілдік берген сәтте қолданылған баға кестесі бойынша есептік баға қолданылады. Баға кестесін астық рыногындағы қалыптасқан бағаны ескере отырып, Қор бекітеді.

16. Кепілдік төлем үш көрсеткіш туындысы ретінде анықталады:

- 1) астық қолхатында көрсетілген астық көлемі;
- 2) баға кестесі бойынша астық қолхатында (кепіл немесе қойма куәліктерінде) көрсетілген астықтың сапасына ұқсас сапа көрсеткіштері бойынша бір тонна а с т ы қ т ы ң қ ұ н ы ;
- 3) 0,8 аспайтын мөлшерде Қор белгілеген төлем коэффициенті.

17. Астық қолхатын ұстаушының Қатысушының алдында астықты сақтау бойынша берешегі болған жағдайда кепілдік төлемінен астықты сақтау бойынша берешек сомасы шегеріледі.

18. Егер өтеу айыппұл мен өсімақыны ескере отырып, астық қолхатында көрсетілген қарыз алушының берешегінің нақты мөлшерінен артық болса, онда кредит беруші оны алған сәттен бастап үш банктік күн ішінде қарыз алушыға Қорға қойма куәлігін беруге қарсы айырманы аударуға міндетті.

19. Егер Қатысушы астық қолхаты (кепіл және (немесе) қойма куәлігі) бойынша өзінің міндеттемелерін ішінара орындаған жағдайда Қор астықтың Қатысушы бермеген бөлігін ғана өтейді.

20. Кепілдік төлем теңгемен жүзеге асырылады. Кепілдік төлем Қор мен астық қолхатын ұстаушының өзара келісімі бойынша астықпен жүзеге асырылуы мүмкін.

21. Қор астық қолхатын ұстаушыға кепілдік төлемін жүзеге асыру бойынша міндеттемелерін орындағаннан кейін тез арада соңғысы оған тапсыру жазуын жазу арқылы оны Қордың пайдасына береді және Қор Қатысушыға кредит беруші құқығына ие болады.

22. Қатысушының бермеуі салдарынан кепілденген астық құнынан өзінің талаптары қанағаттандырылмаған астық қолхатының кепіл куәлігін ұстаушылар, сондай-ақ кепілдік төлемін алу үшін Қорға жүгінуге құқылы.

23. Егер құнын Қор өтеген астық осы Ережеге сәйкес астық қолхатын не кепіл куәлігін беру арқылы кепілзаты болып табылған жағдайда астық қолхатын ұстаушы, сондай-ақ заем шарты бойынша Қорға талап ету, Қор кепілдік төлемі бойынша өтеген ақша сомасы бөлігінде астықпен қамтамасыз етілген міндеттемелердің орындалу құқығын береді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК